



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 16 мамырдағы
№ ДС-170 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы» (бұдан әрі – Одақ) республикалық қоғамдық бірлестігін тұрақты ғимаратпен және қаржыландырумен қамтамасыз ету жөнінде жазған сауалдарыңыз бойынша мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі таңда Одақ Алматы қаласының әкімдігіне қарасты «Алатау» дәстүрлі өнер театрының жанынан ашылған «Айтыс өнері» бөліміне орналасқанын атап өтемін.

Алматы қаласының коммуналдық меншігінде тиісті бос ғимарат болмауына байланысты, алдағы уақытта Алматы қаласы әкімдігімен бос алаңдар пайда болған жағдайда Одаққа ғимарат ұсыну мәселесі қосымша қарастырылатын болады.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң), әлеуметтік саладағы міндеттерді шешуге бағытталған үкіметтік емес ұйымдар бюджет қаражаты есебінен орындайтын әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға жүзеге асыру үшін берілген функцияларын іске асыру нысаны ретінде **мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты** іске асыралады.

Үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырады.

Осыған орай Одақтардың мемлекеттік органдармен жарияланатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға арналған арнайы конкурстарға қатысу мүмкіндігі бар екендігін назарларыңызға саламын.

Сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарды, оның ішінде шығармашылық одақтарды қолдау үшін 2023 жылғы 1 қаңтарда Мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылының жаңа тетігін – «стратегиялық әріптестікті іске асыруға мемлекеттік тапсырыс» енгізу жөніндегі заң қабылданды.

Стратегиялық әріптестік (*бұдан әрі – СӘ*) тетігі Мемлекет басшысының мемлекеттік органдардың стратегиялық әріптестік жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық жұмыс істеу құралдарын әзірлеуге қатысты тапсырмасын орындау шеңберінде әзірленді.

Бұл тетік тек орталық атқарушы органдар деңгейінде іске асырылады.

СӘ мемлекеттік тапсырысты жүзеге асырудың тиісті қағидалары бекітілді (*2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 1139 ҚР ҰК*).

СӘ тетігін жүзеге асыру жөніндегі функцияны қосу бөлігінде барлық министрліктердің ережелеріне өзгерістер енгізілді (*2022 жылғы 19 қазандағы № 834 ҚР ҰК*).

Қағидаларға сәйкес стратегиялық әріптестерді айқындау үшін жұртшылық пен мемлекеттік орган өкілдерінің арасынан конкурстық комиссиялар құрылады (*мемлекеттік органның кемінде 3 өкілі және азаматтық қоғамның кемінде 4 өкілі*).

Конкурстық іріктеу процесінде бағалау қорытындылары бойынша ең көп балл жинаған әлеуетті серіктес, стратегиялық серіктес болып танылады (*іріктеу критерийлері бар*).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, конкурстық процедураларға қатысуда одақтар белсенділік танытпайтынын, одан басқа конкурстық құжаттарының белгіленген тәртіпке сай болмауының салдарынан конкурсқа қатыса алмайтындығын атап өту қажет.

Бұл ретте, Алматы қаласының әкімдігіне, Мәдениет және спорт, Ақпарат және қоғамдық даму министрліктеріне ғимаратты бөлу және қолданыстағы заңнамаға сәйкес қаржыландыру мәселелерін бірлесіп пысықтауды тапсырдым.

Т. Дүйсенова

Тізім

1. Р. Зайтов
2. Ж. Әшімжанов
3. А. Әлтай
4. Е. Бапи
5. Д. Қасқарауов
6. Н. Сәрсенғалиев
7. К. Сейтжан
8. Ж. Сүлейменова
9. М. Толықбаев
- 10.Н. Тау